"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

13.11.2019-ғы № 03-18/5040 шығыс
хаты

«MEIIR STROI» ЖШС-не

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 27.10.2019 жылғы №57435 санды өтінішіңізге сәйкес, «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* ұйымдастырылған №3628961-1 «Қарашық өзенінің бойындағы ұзындығы 9900 метр жерді қоршауға жұмыстары. №5 учаскесі» ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 150 тармағына сәйкес, *әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы*.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 5-1-қосымшасының ескертуінің 5 тармағына сәйкес, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек көрсетілуі конкурстық құжаттамада көзделген мәліметтер бойынша міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігіндегі талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмайды.

Конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасында әлеуетті өнім берушілерге материалдық ресурстар бөлігінде «Трактор колесный (Тяговый класс 5) повышенной проходимости не менее 165 л.с – 6 дана; Большегрузные автотранспортные средства для транспортировки бетонных столбов и колючих проволок - 4 дана» деген біліктілік талаптары қойылған.

Камералдық бақылау нәтижесінде, әлеуетті өнім беруші "Шаңырақ" ӨК конкурстық құжаттаманың 1-3-қосымшасының біліктілік талаптарында көрсетілген «Трактор колесный (Тяговый класс 5) повышенной проходимости не менее 165 л.с – 6 дана; Большегрузные автотранспортные средства для транспортировки бетонных столбов и колючих проволок – 4 дана» материалдық ресурстарын толық ұсынғандығы анықталды.

13.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, өтініш мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралған.

ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

✍: Т.Алимтаев
☎: 35-06-06

Келісілген А.Байкуанышов

13.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)